

Аграрлық

**«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ  
МЕН  
«ЖАРКЕНТ КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІ» ШЖҚ МКК  
АРАСЫНДА ӨЗАРА  
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ  
МЕМОРАНДУМ**

Жаркент қаласы

«17» 01 2024ж.

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі Университет), оның атынан 12.01.2024 жылғы №02-01-03-97 сенімхат негізінде әрекет ететін Басқарма Төрағасы-Ректордың Бірінші орынбасары Ибрагимов Примкул Шолпанкулович, бір тараптан, және «Жаркент көпсалалы колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі - Колледж), оның атынан Жарғы негізінде әрекет ететін директор Бажиев Байузак Сагиндыкович, екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар», осы Ынтымақтастық туралы Меморандумға (әрі қарай Меморандум) қол қойды:

### 1. МЕМОРАНДУМНЫҢ МАҚСАТЫ

Осы Меморандумда көзделген Тараптар ынтымақтастығының мақсаты педагогтердің кәсіби құзыреттерін, оның ішінде бейіні бойынша жетілдіру үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі - ТжКББ) педагогтерін курстық оқыту шеңберінде тағылымдаманы, практиканы, оқытуды және басқа да іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады.

1.1. Ынтымақтастық мақсаттарына қол жеткізу үшін Тараптар мынадай негізгі бағыттар бойынша өзара іс-қимыл жасайды:

1) Тараптардың ішкі регламенттеуші құжаттарына немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шектелген ақпаратты, жария етуді, пайдалануды не беруді қоспағанда, Тараптарды қызықтыратын мәселелер бойынша ақпарат алмасу;

2) Осы Меморандум шеңберінде өзара қызығушылық тудыратын мәселелер бойынша бірлескен іс-шаралар өткізу.

1.2. Ынтымақтастықтың қаржылық-экономикалық, заңдық және техникалық шарттары, жобаларды орындау мерзімдері мен кезеңдері, Тараптардың әрқайсысының құқықтары мен міндеттерінің мазмұны мен көлемі және Тараптар үшін басқа да маңызды шарттар ҚР заңнамасына сәйкес Тараптар арасында жасалатын жекелеген шарттарда қосымша айқындалатын және бекітілетін болады. Осыған қарамастан, Тараптар мұндай жекелеген шарттар жасасуға заңды міндеттемелер қабылдамайды.

1.3. Меморандум Тараптардың ешқайсысына екінші Тараптың атынан мәміле жасау немесе екінші Тараптың атынан өкілдік ету және оның атынан басқаша әрекет ету құқығын бермейді.

## 2. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАҒЫТТАРЫ

Өзара тиімді ынтымақтастық көздейді:

2.1. ТЖКББ ұйымдарының педагогтері үшін оқыту семинарларын, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру;

2.2. 07161300 - «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», 07161600 - «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» бағыты бойынша оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу кезінде сараптамалық қолдау көрсету арқылы белсенді білім алмасуға жәрдемдесу.

2.3. ТЖКБ дамыту мәселелері бойынша сараптамалық қолдау көрсету;

2.4. Қазақстандағы WorldSkills қозғалысын дамыту шеңберіндегі өзара іс-қимыл;

2.5. ТЖКБ саласындағы бейін бойынша тиімді дайындықты қамтамасыз ететін инновациялық нысандар мен әдістерді әзірлеу және тарату;

2.6. ТЖКББ ұйымдарының педагогтері мен кадрларды даярлау жүйесінде белгілі бір тәжірибесі бар мамандарды тәуелсіз сертификаттау;

2.7. Тараптардың шешімі бойынша бірлесіп іске асырылуы мүмкін ынтымақтастықтың кез келген өзге нысандары.

2.8. Білім алушылар (студенттер) тағылымдамадан ақылы өту барысында қосымша келісім шарт жасалынады.

## 3. ТАРАПТАРДЫҢ ӨЗАРА ЫҚПАЛДАСТЫҒЫ

3.1. Осы Меморандумның аясында Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын, басқа да нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады және өзара ықпалдастықты тең құқықтылық, ашықтық және сенімділік принциптері негізінде жүзеге асырады.

3.2. Тараптар осы Меморандумның тармақтарын орындау мәселелері бойынша бір-бірімен туындаған мәселелерді қарастыру және бірлескен іс-қимылдарды жүргізу үшін Тараптар жіберген басшылар немесе өкілетті өкілдер арқылы өзара әрекет жасайды.

3.3. Осы Меморандумның аясында өзара ықпалдастықтың келесі формалары қарастырылады, бірақ төменде келтірілген тізіммен шектелмейді:

– өскелең ұрпақтың мемлекеттік және тарихи сана-сезімін қалыптастыру үдерісін ғылыми-талдамалық және сараптамалық қамтамасыз ету;

– жалпы және қосымша білім берудің құрылымы мен мазмұнын жетілдіруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;

– мақсатты әлеуметтік маңызы бар жобалар мен іс-шараларды бірлесіп ұйымдастыру;

- Тараптардың қызметін жақсартуға бағытталған бірлескен инновациялық жобаларды дайындау және өткізу;
- тараптардың кез келгені ұйымдастырған конференцияларға, семинарларға, форумдарға және басқа да іс-шараларға Тараптардың өкілдерінің қатысуымен қызметтің сәйкес салалары бойынша Тараптардың жинақтаған тәжірибелерімен және білімдерімен алмасуы;
- тұрақты түрде бірлескен, соның ішінде жастар ұйымдары өкілдерінің қатысуымен Тараптардың бейнеконференция форматында ұйымдастырған кездесулер өткізу;
- білім, ғылым және мәдениет саласындағы өзара қызығушылық тудыратын ақпараттармен алмасу.

#### **4. МЕМОРАНДУМНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ**

4.1. Осы Меморандум Тараптардың қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және 5 (бес) жыл қолданыста болады.

4.2. Меморандум кез келген уақытта Тараптардың өзара келісімі немесе біреуінің ниеті бойынша болжамдағы шарт бұзылатын күнге 15 күнтізбелік күн қалғанға дейін өзге Қатысушыны алдын ала құлақтандырып барып бұзылуы мүмкін.

4.3. Ынтымақтастықтың нақты формалары, реттері, мерзімдері мен ортақ мақсатқа жетудегі басқа да шарттары Тараптардың қосымша келісімшарттарында (келісімдерінде) анықталады.

4.4. Осы Меморандумды бұзу Тараптар арасында бұрын уағдаласқан міндеттемелер бойынша жасалған келісімшарттарды (келісімдерді) бұзуға алып келмейді.

#### **5. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**



5.1. Тараптар осы Меморандумды бірлескен жұмыстар бойынша заңды және қаржылық міндеттемелер туындатпайтын мақсат-ниеттер туралы декларация ретінде қарастырады.

5.2. Қатысушылар сондай-ақ осы Меморандумның аясындағы ешқандай іс-қимылдардың Тараптардың бір де біреуінің қандай да бір құзыреттіліктері мен құқықтарына қысым жасамауы тиіс екендігін негізге алады.

5.3. Осы Меморандумның ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде дау немесе түсініспеушілік туындаған жағдайда Тараптар оларды кеңестер және келіссөздер ұйымдастыру арқылы шешеді.

5.4. Осы Меморандум аясындағы операцияларды жүргізу үшін жасалған келісімшарттарды (келісімдерді) іске асыру кезінде туындаған даулар мен түсініспеушіліктерді шешу тәртібі көрсетілген келісімшарттарда (келісімдерде) белгіленеді.

5.5. Осы Меморандумға енгізілетін барлық өзгерістер, толықтырулар оның ажырамас бөлігі болып табылады және тек олар жазбаша түрде құрастырылған және екі Тарап та қол қойған кезде ғана жарамды.



5.6. Меморандум 2 (екі) данадан қазақ тілінде, әр Тарап үшін 1 (бір) данадан құрастырылған.

## 6. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН ЖАЙЛАРЫ

«Жаркент көпсалалы  
колледжі» ШЖҚ МКК

041300, Жетісу облысы,  
Жаркент қаласы,  
Абдулина көшесі, 76  
Тел: +7(72831)9-21-67  
Эл.почта: [pl\\_18@mail.ru](mailto:pl_18@mail.ru)

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу  
университеті» коммерциялық  
емес акционерлік қоғамы  
050010, Алматы қаласы,  
Абай даңғылы, 8  
Тел/факс: +7(727)262-11-08  
Эл.почта: [info@kaznaru.edu.kz](mailto:info@kaznaru.edu.kz)

Колледж директоры



Б.Бажиев

Басқарма Төрағасы- Ректордың  
Бірінші орынбасары



П.Ибрагимов



*Handwritten signature and initials in blue ink.*